

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ
КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА
ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА
АРНАЙЫ ОҚУ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ**

**педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

АЛМАТЫ 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үрдісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Жалпы ережелер

«Арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларына арнайы оқу жағдайын жасау» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (ары қарай – Бағдарлама) оқу ісі жөніндегі басшының (директордың) орынбасарлары, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сынып педагогтері және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің педагогтеріне (ары қарай – Тыңдаушылар) арналған біліктілікті арттыру курстарының оқу үдерісін реттейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстандағы әрбір оқушының сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуы үшін лайықты жағдай жасалуы тиіс екені атап өтілді.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы «зияткерлік дамуы, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігін» қамтамасыз ету қағидатына негізделген. Бұл ұлттық білім беру жүйесін білім алушылардың мүмкіндігінің әртүрлілігін ескере отырып дамытуға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнайы оқу жағдайын жасауға бағытталған ниетті айғақтайды.

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының басым көпшілігі психикалық дамуы тежелген балалар (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы мен ұсынымдары бар балалардың 30 %-дан астамы). Елімізде бұл санаттағы балаларды арнайы мектептерде және инклюзивті білім беру жағдайында оқытылады. Мұндай тәсіл Еуропа, Азия және Америка елдеріндегі білім беру жүйелерінің дамуының қазіргі заманғы үрдістеріне сай келеді. Мәселен, Жапония, Германия, Финляндия, Чехия, Бельгия және басқа да елдерде арнайы мектептер сақталған, ал жалпы білім беру жүйесінің құрылымы қайта ұйымдастырылып, бірлескен оқытумен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды «шағын топтарда» оқытудың сараланған түрі енгізілген.

Қазақстан Республикасында психикалық дамуы тежелген балалардың едәуір бөлігі жалпы білім беретін мектептердегі жалпы немесе арнайы сыныптарда білім алуда (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы мен ұсынымдары бар 31 000-ға жуық оқушы). Ал осы санаттағы 480-ге жуық оқушы арнайы мектептерде оқиды. Елімізде ата-аналар баланың білім алу формасын таңдау құқылы. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне 2021–2025 жылдары енгізілген өзгерістер мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларына арнайы оқу жағдайларын жасауға және ата-аналар таңдаған кез келген білім беру ұйымында оларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92

бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің жұмыс істеу қағидаларында оқушылардың академиялық білім мен әлеуметтік дағдыларды меңгерудегі объективті қиындықтарын ескере отырып, оқу үдерісіне икемділік беруге бағытталған арнайы педагогикалық жағдайлар нақты айқындалған. Бұл педагогтердің кәсіби құзыретін кеңейтуді талап етеді. Атап айтқанда, педагогтердің оқушылардың оқу барысында көмекке деген жеке қажеттіліктерін анықтай алу, оқу мақсатын дараландыру, сондай-ақ дамуында ауытқушылығы бар мектеп оқушыларының психофизиологиялық ерекшелігін ескеруге негізделген бейімделген оқыту стратегияларын қолдану дағдыларының маңызы арта түсуде.

Жалпы білім беретін және арнайы мектептердегі директорлардың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау (кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау мақсатында) кәсіби құзыреттерін кеңейтуге қатысты төмендегі қажеттіліктерді айқындауға мүмкіндік берді:

1. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының психофизиологиялық және эмоциялық-тұлғалық ерекшеліктерін түсіну;

2. Ерекше білім беру қажеттіліктерін зерттеу, оқытудың тиімділігін және психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды айқындау әдістемелерін меңгеру;

3. Оқу бағдарламаларын бейімдеу тәсілдерін меңгеру;

4. Мектеп оқушыларының жеке мүмкіндіктері мен оқу барысындағы қиындықтарын ескере отырып, әдістемелік қорды оқытуға арналған арнайы стратегиялармен, әдістермен, тәсілдермен толықтыру, оқу жетістіктерін бағалау, сондай-ақ оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру жолдарын меңгеру.

Жоғарыда келтірілген жағдаяттық талдау деректері орта білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған аталған курстық даярлық тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Сауалнамаға қатысушылар психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларына сапалы білім беруде маңызды әрі сұранысқа ие деп көрсеткен кәсіби даму бағыттары осы Бағдарламаның мазмұнын қалыптастыруға негіз болды.

2. Глоссарий

<p>Инклюзивті білім беру (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке мүмкіндігін ескеріп, барлық білім алушының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс».</p>
<p>Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)».</p>
<p>Кемтар бала (балалар) («Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңы)</p>	<p>– «белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)».</p>
<p>Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)</p>	<p>– ойлау үдерістерінің, эмоциялық ерік-жігерінің, есте сақтау мен зейінді шоғырландыру қабілетінің, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларының, сондай-ақ қимыл-қозғалыс (моторлық) дағдыларының баяу қалыптасуы мен жетілуі арқылы көрініс табатын психиканың қалыпты даму қарқынының бұзылуы.</p>
<p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау».</p>
<p>Білім алу үшін арнаулы жағдайлар (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар».</p>

<p>Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>«қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені»</p>
<p>Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет».</p>
<p>Командалық бағалау (Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы)</p>	<p>– «педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы».</p>
<p>Педагогикалық диагностика</p>	<p>– оқу үдерісін оңтайландыру, білім алушыларға сараланған көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен педагогикалық ықпал ету әдістерін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған бақылау және бағалау тәсілдерінің жиынтығы.</p>
<p>Жалпы білім беретін мектеп (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы».</p>
<p>Оқу бағдарламасы (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>- «әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама».</p>
<p>Оқу бағдарламасын</p>	<p>– «стандартта белгіленген көлем мен сыныптағы</p>

бейімдеу (Бастауыш, негізгі, орта білім берудің МЖМБС)	меңгеру қарқынына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын игеруде қиындық көретін балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізу».
Арнайы оқу бағдарламалары	- «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленген және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен дамытуға бағытталған, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін есепке алатын бағдарламалар».
Оқыту (ҚР «Білім туралы» Заңы)	– «білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі».
Оқу	– мұғалімнің жетекшілігімен білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған оқушының белсенді іс-әрекеті.
Сараланған тәсіл	– оқу материалын меңгеру мүмкіндіктері әртүрлі білім алушылардың топтарына сабақ барысында қолайлы жағдай жасап, қажетті көмекті көрсетуге бағытталған педагогтің кәсіби қызметі.
Жеке тәсіл (педагогиканың қағидаты)	– білім алушының нақты жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға бағытталған көзқарас. Бұл тәсіл баланың даралығын ашуға ықпал етіп, оның ойлау үдерісі, есте сақтау мен зейіннің сипаты, бастамашылдық пен шығармашылығы арқылы байқалады, сондай-ақ жаңа оқу материалын меңгеру барысында әрбір оқушының қызығушылығы әртүрлі болып, өз білімін әрқилы қолдануынан көрініс табады.

3. Бағдарламаның тақырыбы

4. Бағдарламаның тақырыбы әрбір адамның кемсітусіз сапалы білім алу құқығын іске асырудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырудың өзектілігімен айқындалады. Бұл өзектілік Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына, сондай-ақ инклюзивті білім беру мәселелері бойынша қабылданған нормативтік құқықтық актілерге 2021–2025 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға негізделген.

Алғаш рет мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудағы «медициналық» және «әлеуметтік-педагогикалық» тәсілдердің (модельдердің) мәні түсіндіріліп беріледі. Әлеуметтік-педагогикалық модель мен жүйелі-әрекеттік тәсіл ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларына сапалы білім беруді қамтамасыз етудің халықаралық педагогикалық қауымдастық мойындаған әдіснамасы ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастыруда «медициналық» модельден «әлеуметтік-педагогикалық» модельге көшу елдің нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілуіне негіз болды. Осы өзгерістерге сәйкес Бағдарламаның мазмұнына: арнайы және инклюзивті білім беру ұғымы, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі мен әдіснамасы; психикалық дамуы тежелген білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан берілген сипаттама; білім алудың вариативті нысандары; әрбір білім алу нысанына арналған арнайы жағдайларды нақтылау; бейімделген оқыту технологиялары; педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарымен және оқушылардың ата-аналарымен командалық жұмыс жүргізу тәртібі; білім алушыларға жеке және сараланған тәсілдерді қолданудың стратегиялары мен әдістері; мектеп оқушыларының жағымсыз мінез-құлқын еңсерудің әдістері мен тәсілдері енгізілді. Курстық даярлықтың практикалық бөлігінде білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау негізінде оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың нақты жағдайлары (тыңдаушылар мен лекторлардың жұмыс тәжірибесінен алынған) шағын топтарда жұмыс жүргізу арқылы талқыланады, құжаттамамен жұмыс істеу, педагогикалық жағдаяттарды талдаудың командалық тәсілдерін пысықтау, сондай-ақ сабаққа талдау жасау жоспарланған.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқыту және педагогикалық қолдау көрсету мәселелері бойынша тыңдаушыларды мамандармен және ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге қажетті әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік білімдер мен дағдылармен қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды мектеп оқушыларының білім алуына арнайы жағдай жасау құқығын іске асыру мәселесі бойынша халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілердің мазмұнымен таныстыру;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері аясында психикалық дамуы тежелген білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБК) нақтылау;

3) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық (педагогтер, мамандар, ата-аналар) бағалау алгоритмін және қажеттіліктерді бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқушыны педагогикалық қолдап отыру бағдарламасын әзірлеу тәртібін ашып көрсету;

4) психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдарын (арнайы жағдайлар жасауды) оқу үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарында (жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында, арнайы мектепте, жалпы сыныпта, үйде оқыту кезінде) қарастыру;

5) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу тәртібімен, бейімделген оқытудың қағидаттары, стратегиялары мен тәсілдері, жеке жұмыс істеу және мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерімен таныстыру.

7. Күтілетін нәтижелер. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) мектеп оқушыларының білім алуына арнайы жағдай жасау құқығын іске асыру мәселелері бойынша отандық нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін атайды;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері аясында психикалық дамуы тежелген білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін (оқытуға арналған арнайы жағдайларды) сипаттайды;

3) психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудағы командалық тәсілдің және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеудің тәртібін түсіндіреді;

4) оқу үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын пайдалану кезінде (жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында, арнайы мектепте, жалпы сыныпта, үйде оқыту барысында) психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдерін (оқытуға арналған арнайы жағдайлар жасауды) атайды;

5) жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу тәртібін, бейімделген оқытудың қағидаттарын, стратегиялары мен тәсілдерін, жеке жұмыс істеу және мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерін түсіндіреді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

8. Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1. Нормативтік-құқықтық модуль;
2. Психологиялық-педагогикалық модуль;
3. Мазмұндық модуль;
4. Технологиялық модуль.

<p>1. Нормативтік-құқықтық модуль;</p>	<p>1-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың кемсітусіз сапалы білім алу және жеке қолдау көрсетілетін арнайы оқу жағдайына құқығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамалық негіздер.</p> <p>Нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын шолу және талдау: БҰҰ-ның конвенциясы, 1994 жылғы Саламанка декларациясы және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдары, Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) қызметінің үлгілік қағидалары, Арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары, Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттау қағидалары (ҚР БҒМ № 125 бұйрығы); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары және бағдарламалары (ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығымен енгізілген редакциясымен бірге); Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы).</p> <p>Даму мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының білім беру үдерісін ұйымдастырудағы медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдер (тәсілдер). Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудағы әлеуметтік-педагогикалық моделі (тәсілі) мен жүйелі-әрекеттік тәсіл – мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларын</p>
--	--

	оқытуға арналған арнайы жағдай жасау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады.
2. Психологиялық-педагогикалық модуль	<p>2-тақырып. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының клиникалық-психологиялық сипаттамасы.</p> <p>Психикалық дамудың тежелуін К.С. Лебединская ұсынған этиопатогенетикалық тәсіл тұрғысынан жіктеу. Аталған бұзылыстың құрылымы мен екі негізгі компонентінің (инфантилизм типі және нейродинамикалық бұзылыстардың сипаты) өзара арақатынасына қарай ажыратылатын төрт клиникалық нұсқа: конституционалдық текті ПДТ, соматогендік текті ПДТ, психогендік текті ПДТ, церебралды-органикалық текті ПДТ.</p> <p>3-тақырып. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқуындағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктелімі.</p> <p>I. Жекелеген психикалық функциялардың даму жетіспеушілігі немесе бұзылуына байланысты туындайтын оқу қиындықтары. Мұғалімдер мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарына оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарды еңсеру әдістері мен дамыту әдістемелерін таңдауға қатысты ұсынымдар беру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақыл-ойының жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуі немесе бұзылуына байланысты оқу қиындықтары. 2. Іс-әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеудің (бақылауды бағдарламалау функцияларының) төмендеуі немесе бұзылуына байланысты оқу қиындықтары. 3. Есту-сөйлеу функцияларының бұзылуы немесе жеткіліксіз дамуына байланысты оқу қиындықтары. 4. Көру функцияларының бұзылуы немесе жеткіліксіз дамуына байланысты оқу қиындықтары. 5. Көру-кеңістіктік функциялардың бұзылуы немесе жеткіліксіз дамуына байланысты оқу қиындықтары. 6. Кинестетикалық функциялардың бұзылуы немесе жеткіліксіз дамуына байланысты оқу қиындықтары. 7. Кинетикалық (динамикалық) функциялардың бұзылуы немесе жеткіліксіз дамуына байланысты оқу қиындықтары.

II. Эмоциялық-мінез-құлықтық, коммуникативтік, психологиялық және әлеуметтік себептерге байланысты туындайтын оқу қиындықтары.

Мұғалімдер мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарына оқу мен тәрбиелеу үдерісінде кездесетін қиындықтарды еңсеруге арналған әдістерді, сондай-ақ дамытуға бағытталған әдістемелерді таңдауға арналған ұсынымдар беру.

1. Отбасылық тәрбиенің ерекшеліктеріне байланысты туындайтын оқу қиындықтары.

Тәрбиенің мынадай типтерімен байланысты:

- гиперқамқорлықтың үстемдігі (авторитарлық сипаттағы, шамадан тыс қатаң, өмір салты қатаң тәртіпке бағынған, жазалауға негізделген тәрбие);

- талап қойып, тыйым салмастан қамқорлық жасау, еркелету және шектен тыс ерік беру;

- шектен тыс қамқорлық жасау және қадағаламау;

- тәрбиенің тиянақсыздығы, яғни ортақ ережелердің болмауы, ересектер тарапынан қойылатын талаптардың әртүрлілігі; ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігінің төмендігі: баланың оқуын қалай ұйымдастыруды, оған көмектесуді, үй тапсырмасын орындау барысында қолдау көрсетуді білмеуі. Мектеп өміріне бейімделу қиындықтары:

- күн тәртібінің жаңа режиміне үйренуге байланысты қиындықтар (әсіресе 1-сыныпта);

- баланың сынып ұжымына бейімделуіндегі қиындықтар;

- баланың мұғаліммен өзара қарым-қатынасындағы қиындықтар.

Қарым-қатынас мәселелеріне байланысты туындайтын оқу қиындықтары:

- қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылыстары (аутистік спектр бұзылыстары аясында);

- құрдастарымен қарым-қатынасындағы қиындықтар (қақтығысқа бейім, агрессивті мінез-құлық, мазаққа ұшырау, қабылданбау және қудалау).

4. Мұғалімнің балаға қатысты жөнсіз (психикалық тұрғыдан жарақаттаушы) қарым-қатынасына байланысты туындайтын оқу қиындықтары:

- мұғалімнің балалармен қарым-қатынастағы авторитарлық стилі;

	<ul style="list-style-type: none"> - дөрекілік, әдепсіздік, қатыгездік, балалардың жеке ерекшеліктері мен мәселелеріне назар аудармау; - баланың мұғалім тарапынан кемсіту, қорлау, келемеж ету нысанына айналуы. <p>5. Оқу (мектеп) мотивациясының болмауына немесе жойылуына байланысты оқу қиындықтары.</p> <p>6 Әлеуметтік-психологиялық себептерге байланысты туындайтын оқу қиындықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалу; - әлеуметтік тәуекел тобына жататын отбасында тәрбиелену (ата-аналарының маскүнемдігі, нашақорлығы және т.б.); - қоныс аударған отбасылар (қандастар), босқындар, мигранттар және т.б.; - отбасылық қарым-қатынастардағы мәселелер (отбасындағы қақтығыстар, ажырасу, ата-ананың қайтыс болуы).
<p>3. Мазмұндық модуль</p>	<p>4-тақырып. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы.</p> <p>Ерекше білім беру қажеттілігі – әрбір оқушының оқу жетістігін қамтамасыз етуге, сапалы білім алуына бағытталған, оқу үдерісінде көрсетілетін көмек пен қызметтерге деген қажеттілік ретінде қарастырылып, психологиялық-педагогикалық әдістер арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларында:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқу бағдарламаларын бейімдеу; 2) оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту; 3) оқытудың вариативті, арнайы және баламалы әдістерін қолдану; 4) жеке оқу материалдарын пайдалану; 5) сыныптағы оқу орнын (жұмыс орнын) бейімдеу; 6) арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент тарапынан) секілді ерекше білім беру қажеттіліктері туындауы мүмкін. <p>Қазақстан Республикасында аталған әрбір ерекше білім беру қажеттілігін іске асырудың нормативтік-</p>

күқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз етілуі.

5-тақырып. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының табысты оқуын қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар жасау.

Мектептегі білім беру ортасына қойылатын талаптар:

- педагогтердің әрбір оқушыны оның мүмкіндіктеріне қарамастан сөзсіз қабылдауы;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының, соның ішінде мектептің техникалық қызметкерлерінің де толерантты мінез-құлық мәдениеті мен педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;
- оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын айқындау және педагог тарапынан жеке дара қолдау көрсету;
- оқушыны мектептен тыс іс-шараларға, қосымша білім беру қызметіне тарту;
- оқушыны қолдауда отбасының әлеуетін пайдалану;
- психикалық дамуы тежелген білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, уақыт және кеңістік тұрғысынан ыңғайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларына жасалған арнайы оқу жағдайларының сәйкестік көрсеткіштері: оқушының мектепке, мұғалімдерге және сыныптастарына жағымды көзқарасының қалыптасуы; бейімделген оқу бағдарламалары аясындағы академиялық жетістігі; оқушының әлеуметтік бейімделуі; өзінің мүмкіндіктеріне сенуі және т.б.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуға арнайы жағдайлар жасауда мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мектептегі ағымдағы жағдайды талдау және бағалау;
- 2) білім беру үдерісіне қатысушылардың функцияларын айқындау;
- 3) психологиялық-педагогикалық қолдаудың жергілікті нормативтік негізін қалыптастыру;

	<p>4) мектеп педагогикалық ұжымының кәсіби даярлығын қамтамасыз ету;</p> <p>5) мектеп қауымдастығын даярлау;</p> <p>6) серіктестер мен әлеуметтік әріптестерді іздеу.</p> <p>Жалпы білім беретін мектепте психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы сыныптарды ұйымдастыру және олардың қызметін жүзеге асыру тәртібі. Үйде оқыту. Нормативтік қамтамасыз ету.</p>
<p>3. Технологиялық модуль</p>	<p>6-тақырып. Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқуындағы қиындықтарды және оларды туындататын себептерді анықтау, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бағыттарын айқындау тәртібі.</p> <p>Оқу үдерісіндегі қиындықтарды (ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау) және оларды туындататын себептерді сынып мұғалімі, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК) деңгейінде анықтау тәртібі. Қажеттіліктерді командалық бағалау. ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары бар оқушының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және оны психологиялық-педагогикалық қолдап отыру алгоритмі («12 қадам»). Бағалау материалдарының, әдістемелердің және құжаттаманың жалпы сипаттамасы. Мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен оқу барысындағы қиындықтарын анықтауға арналған педагогикалық диагностиканың қағидаттары мен әдістері. Сынып мұғалімінің оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін бағалау құралдары мен тәртібі. Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бағдарламасын әзірлеу тәртібі. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны. Мамандардың дамыту жұмысының негізгі бағыттары Оқушының күшті жақтарын, ресурстарын және қызығушылықтарын ескеру. Оқыту үдерісінде оқушының әлсіз жақтарын, психологиялық, физикалық және өзге де ерекшеліктерін ескеру. Сынып мұғалімі, ата-аналар және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының балаға көрсетілетін көмектің мазмұнын бөліп ұйымдастыру.</p>

	<p>Оқушыны сүйемелдеу командасының мүшелерінің өзара ынтымақтастығы. Жұмыс құжаттамасы. Оқу жетістігіне бағытталған жағдайлардың сапасына мониторинг жүргізу.</p>
	<p>7-тақырып. Оқу бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру. Оқу бағдарламаларын бейімдеудің негізгі қағидаттары: командалық тәсіл, білім алушының қазіргі оқу жетістіктерін және жақын даму аймағын анықтау (қажеттіліктерін жан-жақты педагогикалық бағалау арқылы), сақталған және әлі жетілмеген функцияларды ескеру және т.б. Бағдарламалардың құрылымы. «Нәтижеге бағдарланған білім беру» парадигмасы аясында бағдарламаларды әзірлеу тәртібі. Критерийлерге негізделген деңгейлік мақсат қою, мақсаттарды нақтылау, мақсаттарға қол жеткізу барысын мониторингілеу. Бағдарламаларды түзету.</p> <p>8-тақырып. Бейімделген оқытудың стратегиялары мен әдістері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау.</p> <p>Бейімделген оқытудың қағидаттары мен мақсаттары. Оқытудың негізгі стратегиялары мен әдістері (оқуда қиындық туындататын себептердің сипатына байланысты айқындалады): «шағын қадамдар» әдісі, оқу материалының жіктеліп берілуі, әртүрлі анализаторларға және оқушылардың заттық-практикалық әрекетіне сүйену, «алдын ала ілгерілеу» тәсілі, тез шаршағыштықты ескеру. Сараланған тәсіл және оқытуды дараландыру және т.б. Оқушылардың мүмкіндіктерінің әркелкілігін (сызықтық емес құрылым) және жоғары шаршағыштығын ескере отырып, сабақты және оқушы әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қағидаттары, әдістері мен рәсімдері. Формативті бағалау – оқушыларға көрсетілетін көмектің қажеттілігін және жеке тәсілді айқындау құралы ретінде. Білім алушылардың мүмкіндіктері мен бейімделген бағдарламаның мазмұнын ескере отырып, бақылау тапсырмалары мен оларға берілетін нұсқаулықтарды бейімдеу.</p>

Педагогтың рефлексивті қызметі.

Өз педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мақсатында мұғалімдердің «Lesson Study», *Action Research* әдістерін қолдануы.

9-тақырып. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқының себептері мен көріністері.

Оқушылардың жағымсыз мінез-құлықтарының көріністері:

1) баланың сабақтағы мінез-құлық ережелерін сақтай алмауы: партада тыныш отыра алмауы, орнынан тұруы, сынып ішінде жүруі; мұғалімнің талаптарын орындамауы;

2) мұғалімнің фронтальды нұсқаулары мен ауызша түсіндірулерін қабылдауда немесе түсінуде қиындықтардың болуы;

3) сабақ барысында өзін-өзі басқару мен өзін-өзі бақылаудағы қиындықтар: білім алушының сабаққа өздігінен дайындала алмауы, ересек адамның көмегінсіз сынып жұмысына қосыла алмауы, сыныпта берілетін тапсырмаларды орындамауы;

4) мінез-құлықтық және эмоционалдық бұзылыстар: оқушының себепсіз дауыстап сөйлеуі, күлуі, айқайлауы, жылауы, басқа балалардың назарын бөлуі және сыныптың / топтың жұмысына кедергі келтіруі; өзіне-өзі агрессия көрсетуі және / немесе сыныптастарына, педагогтерге, басқа адамдарға қатысты агрессия танытуы (ұру, тістеу, заттарды лақтыру және т.б.).

Педагог-ассистенттің мақсаты мен міндеттері.

Педагог-ассистент қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері.

10-тақырып. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістері.

Жағымсыз мінез-құлықты түзету кезеңдері:

- талдау мен түзетуді қажет ететін проблемалық мінез-құлықты таңдау;

- проблемалық мінез-құлықты нақты сипаттау;

- проблемалық мінез-құлықтың функционалдық бағалануы;

- мінез-құлықты түзету жоспарын әзірлеу және іске асыру;

- мониторинг жүргізу;

	<p>- қолдау көрсетілетін мінез-құлықты басқа жағдайларға ауыстыру (жалпылау);</p> <p>- жоспарға өзгерістер енгізу немесе бағдарламаны аяқтау.</p> <p>Алдын алу әдістемелері. Мінез-құлық салдарын өзгерту әдістері. Балама мінез-құлықты қалыптастыру әдістері. Педагог-ассистенттің функциялары, оның білім беру процесінің қатысушыларымен өзара әрекеттестігі.</p> <p>Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын реттеу мен еңсерудегі мұғалімнің рөлі.</p>
--	---

6. Оқу үрдісін ұйымдастыру

9. Біліктілікті арттыру курстары мынадай форматтарда ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқыту – Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) негізінде жүргізіледі. Оқытудың жалпы көлемі – 80 сағат. Бір апталық форматтағы күндізгі оқыту ұйымдастырылған жағдайда, ОТЖ-дағы сағат саны екі есе қысқартылады, ал тақырыптар мен сабақ өткізу формалары өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар негізінде жүзеге асырылады және екі кезеңнен тұрады: қашықтан оқыту – 56 сағат; күндізгі оқыту – 24 сағат.

10. Білім беру процесінде төмендегідей оқыту әдістері қолданылады: дәріс, семинар, өзіндік жұмыс (нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс, оқушылардың педагогикалық сипаттамаларын және бақылау хаттамаларын әзірлеу), өз тәжірибесіндегі проблемалық мәселелерді талқылауға арналған топтық практикалық жұмыстар; оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін, оқушыларға арналған бақылау тапсырмаларын бейімдеу, сондай-ақ оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістерін таңдауға бағытталған топтық тренингтер; диагностикалық оқу тапсырмаларын іріктеу және тереңдетілген педагогикалық диагностика жүргізу рәсімдері бойынша мастер-класс; кейс-әдіс, дөңгелек үстел.

11. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын терең түсіну деңгейін арттыру мақсатында: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру; теорияның негізгі мәселелері мен кейс-стадилерді шағын топтарда талқылап, ұжымдық жұмыстарды таныстыру; оқушыларды бақылау хаттамалары мен мінездемелерін талдау; мұғалімдердің командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренингтерді өткізу, кейінгі талқылау және рефлексия жасау.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

12. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін және бақылау материалдарын бейімдеу үдерісін талдауға арналған, білім беру тәжірибесінен алынған нақты мысалдар көрсетілген үлестірмелі материалдар;

3) психикалық дамуы тежелген оқушыларды оқыту үдерісін реттейтін бейімделген оқу бағдарламаларының, оқу тапсырмаларының, сондай-ақ жергілікті нормативтік құқықтық актілердің үлгілері;

4) сауалнама парақтары, өзіндік жұмыстарды орындауға арналған материалдар мен нұсқаулықтар, сондай-ақ қорытынды бақылау тапсырмалары;

5) мәтіндер, әдеби дереккөздерден алынған үзінділер, дидактикалық материалдар түріндегі ресурстық материалдар; соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру, оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

13. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету мақсатында қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар), практикалық тапсырмаларды орындау, педагогикалық жағдаяттарды шешу, педагогикалық құжаттамамен жұмыс жасау түрінде жүзеге асырылады. Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар (әр тақырып бойынша негізгі сұрақтар), практикалық тапсырмаларды орындау бойынша ұсынымдар, жұмыс құжаттамасының үлгілері ұсынылады. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық форматта және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі. Дәріскер тыңдаушылардың тапсырмаларды орындауын кестеге сәйкес бақылап, жұмыс сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс жасайды.

Әрбір тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап алып, қорытынды бақылау жүргізіледі. Бұл курс барысында алынған ақпаратты түсіну деңгейін және терминологияны дұрыс қолдануын бақылауға мүмкіндік береді. Оқыту жетістіктерін қорытынды бағалау мақсатында әрбір модульдің тақырыбына сәйкес 2 сұрақтан тұратын ашық сұрақтар банкі әзірленген. Өзін-өзі тексеру үшін әрбір сұрақтың үлгілік жауабы беріледі. Жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады: қате жауап – 0 балл; толық емес жауап – 1 балл; – дұрыс әрі толық жауап – 2 балл. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50 %) жинаған жағдайда есепке алынады.

9. Курстан кейінгі қолдау

14. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау формалары:

1) педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке даму траекториясының жоспарын әзірлеу (курстың соңғы күні «Педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке траекторияны жоспарлау жөніндегі іс-шаралар тізбесі» негізінде құрастырылады және лектормен келісіліп бекітіледі);

2) курс барысында алынған ақпаратты өз тәжірибесіне енгізу нәтижелерін таныстыруға арналған вебинарлар;

3) жеке және топтық онлайн кеңес беру;

4) өз педагогикалық практикасына енгізілген өзгерістердің, сабақ зерттеудің нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау үшін Zoom платформасы, электрондық пошта, мобильді байланыс және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарланады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1 Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек.

2 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3 «Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы (01.01.2024 ж. бастап күшіне енген).

4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

5 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

6 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

7 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

8 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

9 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

10 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

11 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

12 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 06 мамырдағы № 104 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

13 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

14. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы.

15 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы.

16 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

17 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 29 мамырдағы № 127 және 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 356 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

18 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

19 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22

қантардағы № 70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 06 маусымдағы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

20 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 39 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге

21 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығы енгізілген өзгерістерімен бірге

22 Бабкина, Н.В. Психологическое сопровождение ребенка с задержкой психического развития: монография/ Н.В.Бабкина, И.А.Коробейников. – М.: НАУКА, 2020. – 213 с.

23 Визель, Т.Г. На языке букв. Письменная речь и ее нарушения. /Т.Г. Визель. – М.: «Линка-Пресс», 2024. – 142 с.

24 Вильшанская, А.Д. Проектирование и реализация коррекционных курсов для обучающихся с задержкой психического развития на уровне основного общего образования: учебно-метод. пособие/А.Д. Вильшанская, Н.В. Бабкина, Л.М. Пономарева, О.А. Скобликова. – М.: ВЛАДОС, 2022. – 204 с.

25 Егорова, Е.В. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: метод. рекомендации/ Е.В.Егорова, Ж.Б. Аханова, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 42 с. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

26 Егорова, Е.В. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод. рекомендации/ Е.В. Егорова, Н.В. Сергеева, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

27 Елисеева, И.Г. Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (уровневый подход): метод. рекомендации/ И.Г. Елисеева, Ж.Б. Аханова. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. – 69 с. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

28 Елисеева, И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ И.Г. Елисеева. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 62 с. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

29 Педагогика инклюзивного образования: учебник / Под ред. Н.М. Назаровой. М.: ИНФРА-М, 2022. –335 с.

«Арнайы және инклюзивті білім беру
жағдайында психикалық дамуы
тежелген мектеп оқушыларына
арнайы оқу жағдайын жасау»
педагогтердің біліктілігін арттыру
курстарының
білім беру бағдарламасына
1-қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Шеберлік сабақтары	ПДТ	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4	4							8
1.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың кемсітусіз сапалы білім алуға және жеке қажеттіліктеріне бейімделген қолдауы бар арнайы жағдайларға (инклюзивті білім беру) құқығы саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамалық база	4	4							8
2	Психологиялық-педагогиялық модуль	8	8							16
2.1	Зиятында бұзылыстары бар мектеп оқушыларының клиникалық-психологиялық сипаттамасы	4	4							8
2.2	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқудағы ерекше қиындықтарының психологиялық-педагогикалық	4	4							8

	жітемесі								
3	Мазмұндық модуль	8	4	4					16
3.1	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	4		4					8
3.2	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының табысты білім алуына арналған арнайы жағдайлар жасау	4	4						8
4	Технологиялық модуль	16		12	4				32
4.1	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқуындағы қиындықтарды және оларды туындататын себептерді анықтау, сондай-ақ психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын айқындау тәртібі	4		4					8
4.2	Оқу бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру	4		4					8
4.3	Бейімделген оқытудың стратегиялары мен әдістері. Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау	4			4				8
4.4	Оқушылардың жағымсыз мінез- құлқының себептері мен көріністері.	4							4
4.5	Оқушылардың жағымсыз мінез- құлқын еңсеру			4					4

	психологиялық сипаттамасы								
2. 2	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқудағы ерекше қиындықтарының психологиялық-педагогикалық классификациясы	8							8
3	Мазмұндық модуль	8							8
3. 1	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	4							4
3. 2	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының табысты білім алуына арналған арнайы жағдайлар жасау	4							4
4	Технологиялық модуль	20				16		4	40
4. 1	Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының оқуындағы қиындықтарды және оларды туындататын себептерді анықтау, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын айқындау тәртібі	4				4			8
4. 2	Оқу бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру.	4				4			8
4. 3	Бейімделген оқытудың стратегиялары мен әдістері. Мектеп	4				4			8

	оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау								
4.	Оқушылардың жағымсыз мінез-кұлқының себептері мен көріністері.	4			4				8
4. 5	Оқушылардың жағымсыз мінез-кұлқын еңсеру әдістері	4					4		8
Барлығы:		48			20		4		72

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.